

БҚАТУ-да экономиканың жаңа өсу нүктелері талқыланды

Жәңгір хан университетінде мемлекеттік органдардың, ғылым, бизнес, даму институттарымен инвесторлардың басын қосқан «Технологиялар. Инвестициялар. Серіктестік: экономиканың жаңа өсу нүктелері» тақырыбында ғылыми-технологиялық семинар өтті.

Іс-шараны Батыс Қазақстан облысының әкімдігі, Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы және Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті ұйымдастырды.

Семинардың негізгі мақсаты – ғылым, бизнес және мемлекет арасындағы әріптестікті дамыту арқылы ғылыми әзірлемелерді бәсекеге қабілетті коммерциялық жобаларға, стартаптар мен жаңа өндірістерге айналдырудың тиімді тетіктерін талқылау болды.

Семинар жұмысына ҚР Президенті жанындағы Ұлттық



БҚАТУ-дың ғылыми әзірлемелері көрмесімен танысты. Көрмеде университеттің өндіріске енгізуге, лицензиялауға және коммерцияландыруға дайын ғылыми және ғылыми-техникалық қызметінің перспективасы нәтижелері ұсынылды.

Семинарды ашқан Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Қалияр Айтмұхамбетов ғылыми-технологиялық кәсіпкерлікті дамытудың, инновацияларды өңір экономика-

ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті Елена Шевченко елдің ғылыми-технологиялық дамуын басқарылатын жүйеге көшіру жөнінде баяндама жасады.

«ҰАҒБО» КеАҚ басқарма төрағасының орынбасары Максим Сутула агроөнеркәсіптік кешендегі ғылым мен бизнес серіктестігін дамытудың құралы ретінде ҰАҒБО агрохабының мүмкіндіктерін таныстырды.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың басқарма төрағасы-ректор Асқар Наметов «Ғылыми әзірлемеден нарыққа дейін: әріптестік, қаржыландыру және технологияларды коммерцияландыру тетіктері» тақырыбында баяндама жасап, онда ғылыми әзірлемелерді идеядан нарыққа дейін ілгерілетудің қолданыстағы тетіктері, инновацияларды қолдау инфрақұрылымы, университеттің перспективасы технологиялар портфелі және инновациялық жобаларды қаржыландырудың өңірлік жүйесін дамыту жөніндегі ұсыныстар таныстырылды.

Қатысушылардың ерекше қызығушылығын университет әзірлемелерін табысты коммерцияландырудың практикалық мысалдары тудырды.

«Ақназар-Жайық» ЖШС инженері Ахмет Ихсанғали Батыс Қазақстан облысының құрғақ дала аймағында суармалы жағдайда жоғары ақуызды соя өсіру технологиясын коммерцияландыру бойынша «Ғылым қоры» АҚ гранттық жобасын іске асыру нәтижелерін таныстырды.

Жоба Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-мен бірлесіп жүзеге асырылып жатыр және ғылыми әзірлемелерді экономиканың нақты секторына табысты енгізудің үлгісі саналады. Жоба аясында заманауи өндірістік инфрақұрылым құрылып, бес

Valley FP500 жаңбырлатып суару машинасы пайдалануға берілді, 400 гектар соя егістігі игерілді, 400 тонна өнім алынып, оны нарыққа шығару қамтамасыз етілді. Сонымен қатар технологияны мамандандырылған сайт, әлеуметтік желілер және технологиялар трансфері жөніндегі іс-шаралар арқылы ілгерілету жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Тағы бір табысты тәжірибе ретінде «ТұранПромРесурс» ЖШС директоры Гүлмаржан Укашованың «Технологиялар трансферінің табысты тәжірибесі: БҚАТУ-дың патент-

диттелген сынақ орталығының, он заманауи зертхананың және агротехнологиялық стартаптарды дамыту, инновациялық шешімдерді сынақтан өткізу және инвестициялар тарту алаңы ретінде қарастырылып отырған «Батыс» агропаркінің мүмкіндіктері таныстырылды.

Семинар қорытындысы бойынша қатысушылар университеттің ғылыми әзірлемелерінің жоғары әлеуетін, бизнестің инновацияларды енгізуге дайын екенін және ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыру тетіктерін одан әрі дамыту



телген әзірлемесін өнеркәсіптік өндіріске енгізу» тақырыбындағы таныстырылымы ұсынылды.

Университет пен кәсіпорын арасындағы лицензиялық келісім шеңберінде БҚАТУ ғалымдары әзірлеген қайта өңделген шыны сынықтарын пайдалана отырып бетон төсеніш тас өндіру техно-

кажеттігін атап өтті.

Аталған ғылыми-технологиялық семинар ғылым, бизнес және мемлекеттің тиімді өзара іс-қимылы жаңа өндірістер құрудың, инвестициялар тартудың, отандық технологиялардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың және




ғылым академиясының, Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының, «Ғылым қоры» АҚ-ның, «QazInnovations» АҚ-ның өкілдері, кәсіпорындар, фермерлік шаруашылықтар, қаржы ұйымдарының басшылары мен инвесторлар қатысты.

Сараптамалық сессия басталар алдында қатысушылар

сына енгізудің және университеттер мен бизнес арасындағы өзара іс-қимылды кеңейтудің маңыздылығын атап өтті.

Сараптамалық сессия аясында жетекші сарапшылар ғылыми-технологиялық саясатты дамыту мен технологияларды коммерцияландырудың заманауи тәсілдерін таныстырды.



логиясы өндіріске енгізілді.

Аталған жоба ғылыми зерттеулерден және патенттеуден бастап лицензиялау, өндірісті іске қосу және құрылыс материалдары нарығында сұранысқа ие бәсекеге қабілетті өнім шығаруға дейінгі толық инновациялық циклді көрсетеді.

Семинардың жеке бір бөлігі университеттің инновациялық инфрақұрылымын дамытуға арналды. Қатысушыларға аккре-

өңір экономикасының жаңа өсу нүктелерін қалыптастырудың негізгі шарты екенін растады.

Жәңгір хан университеті кәсіпорындарды, инвесторларды және даму институттарын инновациялық технологияларды енгізу, бірлескен ғылыми-техникалық жобаларды жүзеге асыру және перспективасы әзірлемелерді коммерцияландыру саласында ынтымақтастыққа шақырады.

Мемлекеттік рәміздер күні аталып өтті

4 маусым – Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күні. Атаулы күнге орай Жәңгір хан университетінде бірнеше іс-шара ұйымдастырылды.

«Рәмізден туған шабыт»: Жәңгір хан университетінде шеберлік сағаты өтті



Жәңгір хан университетінде «Рәмізден туған шабыт» тақырыбында жас суретшілер мен оқытушыларға арналған шеберлік сағаты өтті.

– Бүгінгі шеберлік сағатына университеттегі гуманитарлық, спорт және әскери даярлық факультетінің «визуалды өнер, көркем еңбек және графика» білім беру бағдарламасының I курс студенттері қатысып отыр. Шеберлік сағаты Рәміздер күніне арналады. Бірақ

жастар суретті қатып қалған қағиданы ұстанбай-ақ, еркін тақырыпта сала алады. Әр студент өзі жеткізгісі келген дүниені шығармашылық еркіндікпен қағаз бетіне түсіріп жатыр, – деді «Визуалды өнер, көркем еңбек және графика» білім беру бағдарламасының жетекшісі, аға оқытушы Саясат Рысқалиев.

Шеберлік сағаты шығармашылық әрі еркін атмосферада өтті.



«Тәуелсіздік тұғыры – мемлекеттік рәміздер» тақырыбында дөңгелек үстел өтті



Жәңгір хан университетінде «Тәуелсіздік тұғыры – мемлекеттік рәміздер» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Оған университеттің профессор-оқытушылар құрамы қатысты. Жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін орындаумен басталды.

Дөңгелек үстелдің модераторы, тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор Ақылбек Сұлтанов мемлекеттік рәміздердің ел тәуелсіздігінің айқын белгісі әрі ұлттық бірегейліктің маңызды негізі екенін атап өтті.

Спикерлер өз баяндамаларында мемлекеттік рәміздердің маңызына, оларды құрметтеудің азаматтық жауапкершілікпен байланысына және ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөліне тоқталды. Жиын барысында қатысушылар баяндамалар төңірегінде пікір алмасты.

Айта өтелік, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң 2007 жылы 4 маусымда қабылданды. Осы Заңға сәйкес жыл сайын осы күні – елімізде Мемлекеттік рәміздер күні мерекеленеді.

Әскери кафедра түлектеріне «запастағы сержант» шені табысталды

Жәңгір хан университетінде әскери кафедраның 99 студентіне БҚО қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының бұйрығы негізінде «запастағы сержант» әскери шені берілді.

Салтанатты рәсім Мемлекеттік рәміздер күнімен тұспа-тұс келіп отыр.

Жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимнін орындаумен басталды. Одан кейін тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор Ақылбек

ие. Мемлекеттік туымыз, елтаңбамыз және әнұранымыз – тәуелсіздігіміздің, бірлігіміз бен елдігіміздің қасиетті белгілері. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – әр азаматтың перзенттік парызы. Сіздерді әскери кафедраны сәтті аяқтап, «запастағы сержант» шенін алуларыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге толағай табыс, жарқын болашақ тілеймін. Елге адал қызмет етіп, абыройларыңыз асқақтай



Сұлтанов студенттерді әскери кафедраны сәтті аяқтап, «запастағы сержант» шенін алуымен құттықтады.

– Бүгінгі қуанышты сәттің Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күнімен тұспа-тұс келуі ерекше мәнге

берсін, – деді Ақылбек Ұзақбайұлы.

Айта өтейік, әскери кафедраны сәтті аяқтап, шен алған түлектер алдағы уақытта ел қорғанысын нығайту ісіне өз үлестерін қосуға дайын мамандар қатарын толықтырады.

Ғылыми жұмыстар конкурсы өтті

Индустриалды-технологиялық институтында «жерге орналастыру» мен «химиялық инженерия және процестер» білім беру бағдарламалары бойынша магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурсы ұйымдастырылды.

Конкурс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің 2026 жылғы 17 наурыздағы №14-0/1382-ВН хаты және университеттің оқу жұмысы жөніндегі проректорының бұйрығы негізінде өткізілді. Конкурстық комиссия құрамына университеттің профессор-оқытушылар құрамы (PhD, доценттер, аға оқытушылар) және өндірістен мамандар (БҚО жер ресурстарын басқару департаменті, «Орал сауда-өнеркәсіп компаниясы») енді. «7M07302 – Жерге орналастыру» мамандығы бойынша үш жоғары оқу орнынан (Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Сәтбаев университеті және Жәңгір хан атындағы БҚАТУ) бес жұмыс, ал «7M07100 – Химиялық инженерия және процестер» бойынша төрт жоғары оқу орнынан (Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, А. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті және Жәңгір

хан атындағы БҚАТУ) сегіз жұмыс қаралды.

«Жерге орналастыру» мамандығы бойынша нәтижелерге тоқталсам, I дәрежелі диплом иегері – Аида Құрманғалиева (Жәңгір хан атындағы БҚАТУ), II дәрежелі диплом иегерлері – Айжан Меңден (Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті) және Алуа Жақанова (Сәтбаев университеті), III дәрежелі диплом иегерлері – Жазық Қонысбаева және Әміржан Әзбергенов (Жәңгір хан атындағы БҚАТУ) болды.

Ал «химиялық инженерия және процестер» мамандығы бойынша нәтижелерге тоқталсам, I дәрежелі диплом иегері – Шұғыла Атуова (Жәңгір хан атындағы БҚАТУ), II дәрежелі диплом иегерлері – Мағжан Бекхожаев (Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті) және Камила Ерланова (Қарағанды техникалық университеті), III дәрежелі диплом иегерлері – Мархабат Мырзабекова (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ), Самал Абуова және Индира Нурекешева (Жәңгір хан атындағы БҚАТУ) атанды.

Барлық жеңімпаздар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің дипломдарымен марапатталды.

Жадыра ТАСАНОВА,
Индустриалды-технологиялық институт директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары

Халықаралық байқаудан жүлдемен оралды

Жәңгір хан университетінің «Ерке-нұр» ұлттық би ансамблі Алматы қаласында өткен «TUMAR Art Fest» балалар мен жасөспірімдерге арналған халықаралық шығармашылық өнер байқауына қатысып, жүлделі II орынға ие болды.

Байқауда ансамбль «Тарту» биін ұсынды. Байқау қорытындысы бойынша ансамбль 30-дан аса би тобының ішінен «Үздік топ» атанып, басты сыйлықтардың бірі – «Бурабайға жолдама» жеңіп алды.

Аталған би ансамбліне «Ауыл» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы, белгілі кәсіпкер әрі меценат Темірғали Ескендіров қаржылай қолдау көрсетті. Маусым айының басында Темірғали Қаратайұлы «Ерке-нұр» ұлттық би ансамблінің ұжымымен арнайы кездесіп, сәттілік тілеген еді.

Айта өтейік, «Ерке-нұр» ұлттық би ансамблі 2014 жылы құрылды. Қазір оның құрамында он бес студент бар. Былтыр Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында өткен халықаралық байқауда бас жүлдеге ие болды. Сол кезде де «Ауыл» партиясы қаржылай қолдау көрсетті.



Сабина Құлымбетова – самбодан Азия чемпионы



Филиппин елінің астанасы Манила қаласында өткен самбодан Азия чемпионатының алғашқы жарыс күнінде батысқазақстандық спортшы, Жәңгір хан университетінің студенті Сабина Құлымбетова алтын жүлдеге ие болды.

«+80 келі салмақ дәрежесінде белдескен жерлесіміз барлық қарсыласынан басым түсіп, Азия чемпионатының жеңімпазы атанды. Жеңіс құтты болсын! Алдағы жарыстарда да көк туымыз биікте желбірей берсін!», – деп жазды «Жайық балуандары» спорт клубы.

Айта кетейік, Сабина Құлымбетова – «дене шынықтыру және спорт» мамандығының I курс студенті.

Сонымен қатар университет студенті Дария Забильская дәл осы Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанды.

БҚАТУ студенттері VIII Халық ойындарында топ жарды

Түркістан қаласында өткен VIII Халық ойындарында Жәңгір хан университетінің студенті Бекжан Ғалымжан қазақ күресінен 74 келі салмақ дәрежесінде күміс жүлде иеленді. Сонымен қатар университет студенті Ардақ Радикқызы қазақ күресінен 65 келі салмақ дәрежесінде қола жүлдегер атанды.

Бекжан Ғалымжан – «дене шынықтыру және спорт» мамандығының II курс студенті. Айта өтейік,



бұған дейін ол ересектер арасында өткен Қазақстан Республикасының кубогында қола жүлдегер атанған еді.

БҚО дене шынықтыру және спорт басқармасының хабарлауынша, VIII Халық ойындарында Батыс Қазақстан облысының қазақ күресі құрамасы тарихи жетістікке қол жеткізді. Ақжайық палуандары жалпыкомандалық есепте чемпион атанды.

Мамандық таңдау – маңызды шешім

Қазіргі жаһандану дәуірінде мамандық таңдау мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Әрбір адамның болашақ өмір жолы, материалдық жағдайы, қоғамдағы орны таңдаған кәсібіне байланысты қалыптасады. Сондықтан мамандық таңдау – адамның өміріндегі ең жауапты әрі маңызды шешімнің бірі.

Қазақстанда білім беру жүйесін жаңғырту барысында жастардың кәсіби бағдарлануына ерекше назар аударылып отыр. Себебі еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлау мемлекеттің экономикалық дамуының маңызды шарттарының бірі саналады. Осыған байланысты жастардың қабілеттеріне, қызығушылықтарына және еңбек нарығына назар аудару қажет.

Мамандық – адамның белгілі бір білім мен дағдыны меңгеру арқылы қоғамға қызмет ету саласы. Мамандық таңдау – тек болашақ жұмыс орнын анықтау емес, ол адамның өмір салтын, құндылықтарын және болашақтағы мақсаттарын айқындайтын күрделі процесс.

Ғалымдардың пікірінше, кәсіби таңдау адамның өзін-өзі тануынан басталады. Егер адам өзінің қабілетін, қызығушылығын және бейімділігін дұрыс анықтай алса, таңдаған мамандығында жоғары нәтижелерге қол жеткізеді. Ал мамандықтың дұрыс таңдалмауы

жұмысқа қанағаттанбаушылыққа, кәсіби күйзеліске және еңбек өнімділігінің төмендеуіне әрі отбасылы болған жағдайда қаржылық жағынан қиындыққа алып келуі мүмкін.

Меніңше, мамандық таңдау тұлғаның келесі қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді:

- өзін-өзі жүзеге асыру;
- қоғамға пайдалы болу;
- материалдық тұрақтылыққа қол жеткізу;
- кәсіби және жеке даму;
- әлеуметтік мәртебе қалыптастыру.

Осы жағдайлардың барлығын сараптай келе, мамандық таңдауға көптеген фактор әсер ететініне шолу жасап қарайық. Мысалы бірінші ішкі факторлар – қабілет пен дарындылық. Бұл дегеніміз – әр адамның табиғи ерекшеліктері мен қабілеттері.

Біреулер техникалық пәндерге бейім болса, енді біреулер гуманитарлық немесе шығармашылық бағыттарға қызығушылық танытады. Яғни, екінші фактор қызығушылық болуы мүмкін.

Жалпы адам өзіне ұнайтын салада жұмыс істеген кезде жоғары нәтижеге жетеді. Сондықтан мамандық таңдауда қызығушылық маңызды рөл атқарады.

Үшінші факторға мінез-құлық ерекшеліктерін жатқызуға болады. Бұл жағдайда коммуникабельді адамдар педагогика, журналистика немесе менеджмент саласына бейім болуы мүмкін, ал

аналитикалық ойлау қабілеті жоғары адамдар инженерлік немесе ақпараттық технологиялар саласында табысты еңбек етеді деп айтуға болады.

Талдаудың соңғы төртінші факторы, ол – сыртқы факторлар.

Бұл дегеніміз:

- отбасының ықпалы, яғни ата-ананың кеңесі мен тәжірибесі баланың мамандық таңдауына елеулі әсер етуі;
- қоғамдық пікір немесе қоғамдағы беделді мамандықтардың жастардың таңдауына ықпал етуі;
- еңбек нарығының сұранысы, яғни заманауи экономика белгілі бір мамандарға жоғары сұраныс туғызады, яғни болашақ мамандықтың еңбек нарығындағы қажеттілігін ескеру маңыздылығы;
- білім беру мүмкіндіктері немесе жоғары оқу орындарының сапасы мен қолжетімділігі кәсіби таңдауға әсер етуі екені тайға таңба басқандай көрініп тұр.

Негізі қазіргі еңбек нарығы және жаңа мамандықтарды сөз қылатын болсақ, ғылыми-техникалық прогресс пен цифрландыру нәтижесінде көптеген жаңа мамандық пайда болып жатыр. Әсіресе ақпараттық технологиялар, жасанды интеллект, киберқауіпсіздік, биотехнология және цифрлық маркетинг салалары қарқынды дамып келеді.

Ал жалпы қазіргі еліміздің қарқынды даму процесінде, бүгінгі таңда келесі мамандықтарға сұраныс жоғары. Олар – бағдарламашы, деректер талдаушысы,

киберқауіпсіздік маманы, мұнайшы-геолог, дәрігер, мектеп мұғалімдері, логист, эколог, жобалар менеджері және цифрлық маркетинг.

Осы жоғарыда айтылған мәселелерді сараптай келе, болашақта автоматтандыру мен роботтандыру қарапайым еңбек түрлерін азайтып, шығармашылық пен интеллектуалдық еңбекті қажет ететін мамандықтардың маңызын арттырады деген болжам жасауға болады.

Мамандық таңдау – әр адамның болашақ өміріне әсер ететін маңызды әрі жауапты шешім. Дұрыс таңдалған мамандық адамның кәсіби жетістігіне, материалдық әл-ауқатына және тұлғалық дамуына негіз болады.

Сондықтан жастар мамандық таңдауда өз қабілеттерін, қызығушылықтарын, еңбек нарығының талаптарын және қоғам қажеттіліктерін ескеруі тиіс деп ойлаймын.

Аталған мәселеге байланысты өз ойымды қорытындыласам, мамандық таңдау – адамның болашағына әсер ететін маңызды шешім болатыны айдан анық екенін айта келе, әр жас өз қабілетін анықтап, арманы мен мақсатына сәйкес келетін мамандықты таңдауға ұмтылуы керек, яғни дұрыс таңдалған мамандық – табысты өмірдің кепілі.

Бақытжан БУРХАНОВ,
Индустриалды-технологиялық институттың доценті, техника ғылымдарының кандидаты

Түлектерге арналған пайдалы ақпарат

Оқу жылының аяқталуы жақындаған сайын мектеп және колледж түлектері үшін маңызды шешім қабылдау сәті туады. Олар үшін ең маңыздысы – өзінің қалаған мамандығына мемлекеттік білім гранты арқылы түсу мүмкіндігін жіберіп алмау. Сондықтан соңғы жылдар көлемінде жоғары оқу орнына қабылдау бойынша өзгерістер туралы мәлімет ұсынамыз.

1. Биылғы жылы бакалавриатқа 75 мыңнан астам, магистратураға 11 мыңнан астам, докторантураға 3 000-ға жуық грант бөлініп отыр.

2. Биыл бакалавриат бойынша бөлінген 75 мыңға жуық гранттың 60%-ы инженерлік-техникалық және ауыл шаруашылығы салаларына бөлінген, 21%-ы педагогикалық мамандықтарға бағытталған.

3. 2019 жылдан бастап мемлекеттік білім гранттары білім беру бағдарламалары топтары шеңберінде бөлінеді.

4. Мемлекеттік білім грантын ұта алмаған жағдайда, жергілікті атқарушы органдар жариялайтын білім гранттарының конкурсына қатысуға болады. Жыл сайын біздің облыс бойынша жергілікті атқарушы органдар еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға 100-ден астам грант бөледі.

5. 2020 жылдан бастап мемлекеттік білім гранттарын оқыту тіліне қарай емес, жалпы негізде бөлу тәжірибесі енгізілді.

6. Талапкерлер мемлекеттік білім грантын ұтып алу үшін екі рет ҰБТ тапсыра алады. Мемлекеттік білім грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін ҰБТ мамыр айында басталып, 10 шілдеге дейін жалғасады. Тестілеу электрондық

форматта «1 оқушы – 1 компьютер – 2 камера» қағидасы бойынша өтеді. ҰБТ-ға өтінішті Ұлттық тестілеу орталығының <http://app.testcenter.kz/> сайты арқылы беруге болады. Шекті балл жинай алмаған талапкерлерге шілде айында тіркеліп, тамыз айында тапсыруға мүмкіндік бар. Бұл жағдайда студент тек ақылы негізде оқи алады.

7. Мемлекеттік білім гранты конкурсына қатысу үшін өтініш беру мерзімі 13-20 шілде аралығында ЖОО қабылдау комиссиялары арқылы немесе «Азаматтарға арналған Үкімет» платформасында жүзеге асырылады. Талапкер 18 жасқа толмаған болса, өтініш ата-анасының біреуінің электронды сандық қолтаңбасын пайдалану арқылы беріледі.

8. 2023 жылдан бастап жыл сайын жоғары оқу орындарына техникалық, ауыл шаруашылығы және биоресурстар, ветеринария бағыттары бойынша квоталар бөлінеді.

9. Жоғары оқу орнына мемлекеттік білім гранты немесе ақылы негізде қабылдану үшін ҰБТ-ның шекті балы келесідей белгіленген:

- «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша кемінде 75 балл;
- «Құқық» білім беру саласы бойынша кемінде 75 балл;
- «Денсаулық сақтау» білім беру саласы бойынша кемінде 70 балл;
- «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» білім беру салалары бойынша кемінде 50 балл;
- Ұлттық жоғары оқу орындарына түсу үшін кемінде 65 балл, ал басқа жоғары оқу ұйымдарына кемінде 50 балл қажет.

10. ҰБТ сертификаттары мен мемлекеттік білім беру грантын беру туралы куәліктер электронды түрде беріледі.

ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНА ҰСЫНАТЫН ҚҰЖАТТАР




Жеке басын куәландыратын құжат (көшірме)



Білімі туралы құжат аттестат/диплом түпнұсқасы (қосымшасымен)



ҰБТ нәтижесі туралы сертификат



075-У нысандағы медициналық анықтама (флюорографияның суреті)



063-У медициналық анықтама (көшірмесі)



3x4 см көлемдегі 4 фотосурет



ЖҰМЫС УАҚЫТЫ: 09:00 - 18:00



8(7112) 50-21-42, 50-24-01



+7 775 987 47 27



qabyldau.bqatu@gmail.com



wkau.edu.kz



@bqatu_talapker



090009,
Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51
02 корпус,
250 кабинет

Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ
баспасөз хатшысы
Гүлмира САРСЕНҒАЛИ

Компьютерде
беттеуші
және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың баспасөз қызметінде теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.
Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 600
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Баспасөз қызметінің мекенжайы:
090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 231-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru